

## **Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2007 жылғы 1 қыркүйектегі ағымдағы жағдайы**

2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 59 филиалы мен 60 өкілдігі бар. Алматы қаласында 12 қор және басқа қалаларда 1 қордан бар: Жезқазған қаласында 1 қор («Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, корпоративті) және Ақтөбе қаласында 1 қор («МұнайГаз-Дем» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ).

11 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, оның ішінде 6 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Тұран Әлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы» «БТА Қазақстан» ЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – «БТА Қазақстан»), «Капитал» ЖЗҚ» - «ЦентрКредит Банкі» АҚ Еншілес ұйымы» АҚ (бұрынғы атауы «Капитал» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ) (бұдан әрі – «Капитал»), «Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Отан» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «ЦентрКредит Банкі» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АТФ Банкі» АҚ.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі – шот) саны тамыз айында 18 199 (0,20%-ға) ұлғайып, 2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 9 017 831 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны 4 қорда болды: «МЖЗҚ» – 26,84%, «Қазақстан Халық Банкі» – 20,88%, «ҰларҮміт» – 14,96% және «БТА Қазақстан» – 9,18% немесе олардың үлесіне салымшылардың (алушылардың) шоттарының жалпы санының 71,86%-ы келеді. Ағымдағы жылдың тамыз айында 4 қордың үлесі 0,27 пайыздық тармақтарға ұлғайды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны ағымдағы жылдың тамыз айында 332-ге (0,83%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 қыркүйекте 40 197 болды, жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 743,9 млн. теңгені құрады.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары барлық қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: «Сенім» – 47,68%, «Капитал» – 16,89%, «ҰларҮміт» - 14,83%, және «Д.А. Қонаев атындағы» - 13,45% немесе 4 қордың үлесіне шоттардың жалпы санының 92,85%-ы келді. Ағымдағы жылдың тамыз айында 4 қордың үлесі 0,58 пайыздық тармақтарға ұлғайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық банкі» қорында болды. Салымшылардың жалпы саны 2007 жылдың 1-қыркүйегінде 3 833 құрады, салымшыларының дербес зейнетақы шоттарында 44,7 млн.теңге болды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.09.06 ж.	01.09.07 ж.	Өсім Прирост	Өсу қарқыны (%-бен)
- міндетті зейнетақы жарналары бойынша	8 209 653	9 017 831	808 178	9,84
- ерікті зейнетақы жарналары бойынша	32 983	40 197	7 214	21,87
- ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	3 698	3 833	135	3,65

### Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты тамыз айында 17,4 млрд.теңгеге (1,63%-ға) көбейіп, 2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 1 086,4 млрд. теңге болды.

Орташа айлық өсімде жинақталған зейнетақы қаражаты 2006 жылы - 21,8 млрд.теңге сомасында ағымдағы жылдың қаңтар-тамыз айларында 1,38%-ға өсімімен 22,1 млрд.теңгені құрады.


Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің қарқыны өткен жылдардың жинақтаушы зейнетақы жүйесінің тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-бен)
01.09.2004 ж.	436,1	107,3	32,63
01.09.2005 ж.	583,8	147,7	33,87
01.09.2006 ж.	810,9	227,1	38,88
01.09.2007 ж.	1 086,4	275,5	33,97

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының 2006 жылдың 1 қыркүйегінен 2007 жылдың 1 қыркүйегіне шейінгі кезеңде 4,91 пайыздық тармаққа төмендегені байқалды.

Қорлар арасында жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылары) ие: «Қазақстан Халық банкі» – 28,59%, «МЖЗҚ» – 17,38%, «ҰларҮміт» – 17,44%, «БТА Қазақстан» – 10,25% және «ГРАНТУМ» - 6,17%. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 79,83%-ы келді. Ағымдағы жылдың тамыз айында 5 қордың үлесі 0,03 пайыздық тармаққа ұлғайды.

### 2007 жылғы 1 қыркүйектегі жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 300,3 млрд. теңге болды немесе 2007 жылдың 1 тамызымен салыстырғанда 0,7 млрд. теңгеге (0,22%-ға) өсті.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:


(млрд. теңге)				
Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-бен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-бен)
01.09.2004 ж.	105,2	17,1	19,41	24,12
01.09.2005 ж.	140,6	35,4	33,65	24,08
01.09.2006 ж.	219,0	78,4	55,76	27,01
01.09.2007 ж.	300,3	81,3	37,12	27,64

Көрсетілген кестеде «таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны 2004 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 2007 жылдың 1 қыркүйегіне шейін 17,71 пайыздық тармаққа ұлғайғаны байқалады, ал жылдың осы кезеңінде жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 3,52 пайыздық тармаққа ұлғайды. Бұл ретте ағымдағы жылдың тамыз айында үлесі 0,39 пайыздық тармаққа төмендеді.

«Таза» инвестициялық кіріс сомасының орташа айлық өсімі бойынша 2006 жылы - 8,4 млрд.теңге, ағымдағы жылдың қаңтар-тамыз айларында 1,5 есеге төмендей отырып, 5,6 млрд.теңгені құрағанын атап өту қажет.

Тамыз айында жалпы зейнетақы жарналарының түсуі 18,0 млрд. теңгеге (2,23%-ға) өсіп, 2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 824,2 млрд. теңге болды.

### Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



Ескерту: зейнетақы жарналары  
инвестициялық кіріс  
жинақталған зейнетақы қаражаттары

2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 6,6 млрд.теңге болған немесе ағымдағы жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда 22,22%-ға өскен міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын өсімпұл сомасы өсуде.

Зейнетақы төлемдері және сақтандыру ұйымдарына аударымдар тамызда 1,2 млрд.теңгеге (2,08%) өсіп, 2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 58,1 млрд. теңге болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-тамыз айларында жалпы сомасы – 10,4 млн.теңге жинақталған зейнетақы қаражаттары зейнетақы аннуитет шарттары бойынша сақтандыру ұйымдарына аударылды.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдаланды, нәтижесінде жинақталған зейнетақы қаражаттар аударымы тамызда 4,8 млрд.теңгеге (2,72%) өсіп, 2007 жылғы 1 қыркүйекте 181,7 млрд. теңге болды.


Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың барынша көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 35,18%, «ҰларҮміт» - 15,75%, «Қазақстан Халық Банкі» - 11,44%, «БТА Қазақстан» - 6,31% және "ГРАНТУМ" - 6,06% немесе осы 5 қорға аударымдардың жалпы сомасының 74,74%-ы келеді.

#### **Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы**

2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2007 жылғы 1 тамыздағы кезеңде 16,8 млрд. теңгеге немесе 1,57%-ға өсіп, 1 087,1 млрд. теңге болды.

2006 жылдың 1 қыркүйегінен 2007 жылдың 1 қыркүйегіне шейінгі аралық кезеңінде зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 22,9 млрд. теңге болды.

**Динамика изменения совокупного объема пенсионных активов**



**Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу**

ЗАИБЖАҰ/ ООИУПА/  ЖЗҚ НПФ	Зейнетақы активтері Пенсионные активы	
	млн. теңге млн. теңге	%-бен в %
"Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	310 329	28,55
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	190 053	17,48
«ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	190 053	17,48
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	189 373	17,42
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	115 015	10,58
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	34 324	3,16
"МұнайГаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	26 252	2,41
"СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	39 361	3,62
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	15 078	1,39
«Тұран Әлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан» ЖЗҚ» АҚ	111 291	10,24
«GRANTUM Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	66 903	6,15
«Грантум» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	66 903	6,15
«Капитал» ЖЗҚ» - «ЦентрКредит Банкі» АҚ Еншілес ұйымы» АҚ	27 998	2,58
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	27 642	2,54
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	27 642	2,54
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	25 463	2,34
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	22 933	2,11
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	130	0,01
«РЕСПУБЛИКА» " жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	130	0,01
<b>Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ</b>	<b>1 087 130 259</b>	<b>100,00</b>

2007 жылғы 1 тамыздан бастап 29 776 млн. теңгеге немесе 2,82%-ға қысқарып, 2007 жылғы қыркүйекте инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 1 027 838 млн. теңге болды.

**ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі**

Қаржы құралдары	01.09.2007 ж.	
	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	270 369	26,30

ҚР еврооблигациялары	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	231 735	22,55
Ұлттық Банктің ноттары	38 634	3,76
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0	0
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>93 944</b>	<b>9,14</b>
Акциялар	7 034	0,68
Облигациялар	86 910	8,46
<b>Шетел инвестициялық қорлардың пайлары</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>187</b>	<b>0,02</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>5 802</b>	<b>0,56</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>480 054</b>	<b>46,71</b>
Акциялар	190 544	18,54
облигациялар, оның ішінде	289 510	28,17
АҚШ долларына номинирленген	1 159	0,11
теңгеге номинирленген	287 379	27,96
<b>Екінші деңгейдегі банктердің салымдары</b>	<b>178 432</b>	<b>17,36</b>
<b>Туынды бағалы қағаздар</b>	<b>-950</b>	<b>-0,09</b>
<b>Жиынтығы</b>	<b>1 027 838</b>	<b>100,00</b>

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2007 жылғы 1 тамызбен салыстырғанда 52 786 млн. теңгеге немесе 16,33%-ға азайып, 270 369 млн.теңге немесе 26,30% болды. Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемінің өсуі 2007 жылғы тамызда 11 452 млн. теңге немесе 2,44% болды. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі 9 509 млн.теңгеге немесе 5,63%-ға ұлғайып, 178 432 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада орналастыратынын атап өткен жөн.

2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары жоқ. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 187 млн.теңге (0,02%) болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 9,14% болды, бұл 2007 жылғы 1 тамыздағы ұқсас көрсеткіштен 0,58 пайыздық тармаққа төмен.

### **Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер**

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша 2007 жылғы 1 қыркүйектегі номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті мынадай болды:

- 2002 жылғы тамыздан 2007 жылғы тамызға дейінгі кезеңде - 47,83% (жинақталған инфляция деңгейі - 45,39% құрады);
- 2004 жылғы тамыздан 2007 жылғы тамызға дейінгі кезеңде - 31,53% (жинақталған инфляция деңгейі - 28,31% құрады);
- 2006 жылғы тамыздан 2007 жылғы тамызға дейінгі кезеңде - 9,88% (жинақталған инфляция деңгейі - 9,40% құрады);

Бұл ретте зейнетақы активтері бойынша 2002 жылғы тамыздан 2007 жылғы тамызға дейінгі кезеңде номиналды кірістің түзетілген коэффициенті 44,47%-ды құрады.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат

### Қорлардың қаржылық жағдайы

Қорлардың жиынтық капиталы 2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 25,6 млрд. теңгені құрап, оның ішінде жарғылық капитал - 8,4 млрд. теңге немесе жиынтық капитал көлемінің 32,8%-ы болды. Ағымдағы жылдың тамыз айында жиынтық капитал көлемі 0,4 млрд.теңгеге немесе 1,5%-ға төмендеді.

Ағымдағы жылғы қаңтар-тамызда «Д.А. Қонаев атындағы», «Сенім», «Қорғау» және «Республика» қорларынан басқа барлық қорлар жалпы сомасы 4,2 млрд.теңгеге кіріс алды (салық салығын төлегеннен кейін). Соның ішінде кірістің ең көп сомасы мына қорларда болды: «Қазақстан Халық Банкі» - 25,98%, «МЖЗҚ» - 24,54%, «ҰларҮміт» - 22,90% және «БТА Қазақстан» - 21,48% немесе осы төрт қорға қорлардың жалпы таза кіріс сомасының 94,90%-ы келеді.

2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша меншікті активтері есебінен қорлардың қаржы инвестициялары 18,8 млрд. теңгені құрады немесе қорлардың жиынтық капиталы көлемінің 73,4%-ы болды.

Қорлар меншікті активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарға жалпы сомасы 2,2 млрд.теңгеге (инвестицияның жалпы көлемінің 11,77%-ы), Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына жалпы сомасы 9,1 млрд. теңгеге (48,66%), шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 0,15 млрд. теңге (0,80%) инвестициялады, екінші деңгейдегі банктердің салымдарына жалпы сомасы 3,4 млрд. теңге (17,92%), сондай-ақ инвестициялық қорлардың пайларын – 57,6 млн. теңге (0,31%) және «Кері РЕПО» операциясына - 3,9 млрд.теңге немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 20,54% орналастырды.

### Зейнетақы секторының республика экономикасындағы рөлі

Зейнетақы секторының экономикадағы рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы	01.01.04	01.01.05	01.01.06	01.01.07	01.09.07
ЖІӨ, млрд. теңге	4 612,0	5870,1	7 453,0	10 139,5	12 464,1
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	7,99	8,24	8,70	8,97	8,72
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	5,99	6,48	6,88	6,74	6,61
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,15	1,95	2,08	2,52	2,41
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,14	0,14	0,16	0,20	0,21